



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

<https://ru.wikipedia.org>

13. Президент Франции Эммануэль Макрон: биография, личная жизнь, карьера - FB.ru: <http://fb.ru/article>

ӘОЖ 321.7(574)

КАНАДАНЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУ МОДЕЛІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУ

Жазит Әйгерім Талғатқызы

zhazitaygrim@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар
факультеті, аймақтану кафедрасы студенті

Ғылыми жетекші – П.Қ.Қилыбаева

«Демократия» ұғымы әлемде екі жарым мың жылдан астам уақыт бойы өмір сүруде. Тарихи кезеңдердің әрқайсысында демократия ұғымына әр түрлі түсіндірмелер беріліп отырды. Саясаттағы көпқасырлық өзгерістердің енуі мен саяси жағдайдың қиындауына байланысты «демократия» ұғымы әртүрлі интерпретацияларға ие болды.

Демократияның классикалық ұғымы оның этимологиялық пайда болуымен тығыз байланысты. Бұл термин гректің екі сөзінен құралған, demos – халық, kratos – билік, күш деген мағына береді. Антикалық кезеңде пайда болған демократия «халық билігі» немесе «халықтың өзін-өзі билеуі» деген ұғымды білдіреді.

Демократияның алғашқы бегілері – құқықтардың жоғары қойылу идеясы, теңдік, еркіндік, әділдік пен республиканизм – антикалық полис кезеңінде пайда болды.

Қазіргі кезде демократия ұғымының актуалды түсіндірмесі ретінде АҚШ президенті Авраам Линкольннің интерпретациясы қолданылып жүр. Ол бойынша, демократия – халық билігі, халықтың таңдауы және халық үшін деген мағынаға ие болады. Бұл түсіндірмені қорытындыласақ, демократия дегеніміз – азамат тікелей немесе өзінің мүдделерін қорғаушы тұлға арқылы қоғамға немесе мемлекеттік шешімдерді қабылдауда өзінің ықпалын тигізе алатын мемлекеттік форма деп есептеуге болады.

«Демократия» ұғымына Бобковтың оқулығы [1] негізінде түсіндірме беретін болсақ:

1. Мемлекетті билеу формасы, қоғамның саяси жүйесі немесе мемлекетті реттеу түрі. Бұл жағдайда мемлекетті бір адам емес, мемлекетті билеу құқығына ие болған тең құқылы азаматтар билейді;

2. Кез келген ұжымды құрастырушы форма, ол мүшелерінің тең құқығына, жүйелі сайлау мен есеп берушілікке негізделген. Сөз партиялар, профсоюздар, өндіруші демократия туралы қозғалады;

3. Плюрализмге, адам құқығы мен заңдарын сайлауға, теңдікке, еркіндікке негізделген қоғамдық құрылыстың идеалы;

4. Демократиялық идеалды жүзеге асыру мақсатында жүргізілген саяси және қоғамдық қозғалыстар. [1]

Р.А. Хомолева демократияның келесі ерекшеліктерін атап өтеді:

1. Халық билігі;

2. Халықтың мүддесін қорғайтын билік;

3. Көпшілік мүддесін қолдайтын билік;

4. Барлығы теңқұқылы қоғамдық немесе мемлекеттік құрылыс;

5. Құқық, демократиялық нормалар мен заңдарының билігі. [2]

Демократиялық теорияларды зерттеуге Аристотель, Джон Локк, Шарль Луи де Монтескье, Дэвид Юм, Жан-Жак Руссо, Алексис де Токвиль, Джон Стюарт Милль, Джон Дьюи, Юрген Хабермас, Джон Ролз, Ханна Арендт, Исаяя Берлин өзінің үлестерін тигізді.

Теориялардың қорытындысы ретінде демократия халық билігін көрсетеді және бұл құқықтардың бұзылуы демократиялық биліктің бар екендігіне күмән туғызады. Салыстырмалы саясатта әлемдегі демократия көрсеткішін зерттейтін әр түрлі проктер бар: “Freedom house”, “Cross-National Time-Series Data Archive”, “Polity IV”, “The Economist”, “Democracy Barometer”. [3]. Э. Хейвудтың пікірінше, демократия халық пен билікті байланыстырғанымен де, бұл байланыс әр түрлі жолдармен жүргізілуі мүмкін: тікелей халық билігі, халық арасынан шыққан азаматтар билігі, халық мүддесін орындау мақсатындағы билік. Бұл контексте демократия негізгі үш сұрақты қозғайды: «халық деген не және саяси билік қаншалықты кең түрде болуы керек», «халық өзі-өзін билеу керек пе, әлде бұл тапсырманы саясаткерлер мен саяси партиялар орындауы керек пе» және «демократиялық процессте ұжымдық шешім қабылдауда қандай сұрақтар қаралуы керек».

Зерттеушілер пікірінше, демократияның классикалық анықтамасы өзінің міндетін орындауда қауқарсыз, себебі көп мөлшердегі халық билікті тікелей жүргізе алмайды. Қазіргі таңда биліктің басында халықтың атынан хыққан тұлғалар орналасқаны барлығына белгілі. Демократия үшін халық биліктің қайнар көзі ретінде болғаны өте маңызды. Сол себепті саясатта демократияның талдануы өте кең етек алуда.

Саясаттанушы Г.Г. Дилигенский демократияны зерттеу барысында өзінің көзқарасын азаматтардың билік пен саясатқа араласудағы арнайы институттардың болуына аса назар аударады. Ресейлік ғалым демократиялық қоғамға келесідей тұжырымдаманы енгізеді «тұлғаның өзін-өзі анықтауда белгілі бір еркіндіктің болуы: қызмет түрін, өмір сүру мен жұмыс орнын, ақпарат көздерін және т.б. таңдауда, алайда азаматтардың жеке өмірлеріне қолсұғушылықтан заң негізінде қорғаушылықтың болуы». [4]

Әлемдегі бейбітшілік, азаматтық құқық, теңдік пен демократия үшін белсенді күресуші-елдердің бірі – Канада. Бұл мемлекет әлемдік аренада көптеген халықарық ұйымдарға мүше, мысалы, БҰҰ, Франкотілді мемлекеттер ұйымы мен достастығы La Francophonie және т.б. Канада мемлекетінің басқару формасы: федеративтік парламенттік демократия және конституциялық монархия. Канада федерация болып табылады, яғни билеу жүйесі федералды билік пен провинциялық органдарға бөлінген.

Канада – Британ Достастығы құрамына мүше мемлекет және формальды түрде мемлекет басшысы болып ағылшын королевасы есептеледі. Королеваның ресми өкілі ретінде генерал-губернатор саналады, оны премьер-министрдің кеңесімен королева тағайындайды. Заң шығарушы орган ретінде Парламент, Сенат және Қауымдар палатасы саналады. Канада мемлекетінің билік формасы ретінде өкілеттілік демократия қарастырылады.

Өкілеттілік демократия – халық биліктің қайнар көзі ретінде қарастырылса да, билік басында халық сайлаған, таңдаған өкілдер орналасатын саяси режим болып табылады. Оның негізгі мақсаты – азаматтардың сайлауымен бекітілген билік органдары азаматтардың мүдделерін орындап, заңдар қабылдайды.

Өкілеттілік демократияның негізгі белгілерін қарастыратын болсақ:

- Барлық заңдардың, бюджеттің қабылдануы, салықтың мөлшерін реттеу өкілетті органдармен жүргізіледі.
- Атқарушы биліктің құрылуы өкілетті органдармен жүргізіледі.
- Заң шығарушылық мүдденің құқығы.
- Үкіметке парламенттік бақылау орнайды: парламент үкіметтің ұсынған жоспарын бекітеді, үкімет парламент алдында есеп береді.

Қазіргі таңдағы саяси және экономикалық сұрақтардың маңыздысы болып АҚШ-пен қатынасы есептеледі. Канада бұл көрші елмен географиялық тұрғыда ғана емес, сонымен қатар саяси, экономикалық, мәдени тұрғыда да байланысты. Қазіргі таңда Канаданың 80%тауар айналымы АҚШ-қа тиесілі. Осыған байланысты мемлекеттің саяси процессі де осы мәселе төркінінде шоғырланған. Консерваторлар АҚШ-пен қатынасты жалғастырып, дамыту керек десе, либералдар керісінше экономикалық және мәдени даму мақсатында АҚШ «көлеңкесінен» шығу керектігін айтып отыр.

Дегенмен де, Вашингтон мен оппозицияның ресми қысымына қарамастан Жан Кретьен

үкіметі 2003 жылғы Иракқа басып кіруден бас тартты.

Канада өзі демократиялы мемлекет болғанына байланысты, азаматтардың құқықтарын тек қана өз мемлекетінде ғана емес, сонымен қатар, глобалды түрде де көрініс табады.

Бұл саяси бағыт ерекше нәтижеге қол жеткізді. Канада көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі және негізін қалаушы. Мысалы: БҰҰ, ЮНЕСКО, Франкофония Бірлестігі, Халықаралық Валюта Фонды, Халықаралық Сауда Ұйымы, ЕҚЫҰ, Еуропалық Реконструкция мен Даму Банкі, Американдық Мемлекеттер Ұйымы, Азия-Тынықмұхиттық Бірлестік Ұйымы және т.б.

1991 жылы Канада бірінші мемлекет болып БҰҰ-на бейбітшілікті сақтау үшін Югославияға әскерлерді кіргізуді ұсынды, 1991 жылдың қыркүйегінде Гаитидағы төңкеріске байланысты көпжақты акцияға байланысты өзінің ойын білдірді, 1996 жылдың қазан-қарашасында Заирдағы руандалық қашқындарға көмек көрсету акциясында маңызды шаралар атқарды.

Халықаралық қақтығыстарды реттеудегі Канаданың бірден-бір маңызды істерінің бірі – халықаралық қаржы донорларының бірі. Программа бойынша қомақты қаражат бөле отырып, Париж клубына мүшелікте. Канада «кедей» мемлекеттерден қарыздарды алып тастау саясатын ұстанады.

1990 жылдардың екінші жартысынан бастап, сыртқы саясатта Канада «жеке адам қауіпсіздігіне» көңіл бөле бастады. Оның ішіне әскери қақтығыстардан басқа, әскери емес проблемалар жатады – кедейшілік, терроризм, есірткінің таралуы және т.б. Мысал ретінде канадалық құқыққорғаушылардың Азия-Тынықмұхитындағы, әсіресе Қытайдағы, ада құқықтарының бұзылуына қатысты наразылықтарын келтіруге болады.

Канаданың сыртқы саясатына қарағанда, үкімет ішкі саясатқа көп көңіл бөлетіні сөзсіз. 2012 жылдың шілдесінде «Delonovosti» сайтында шыққан мақалаға қатысты АҚШ-қа қарағанда Канада азаматының жағдайы жақсырақ екенін байқауға болады.

Канада әлеуметтік және экономикалық реформаларды жиі өткізеді. Канада азаматтарының өмір сүру деңгейі билік басындағылардың ішкі саясатқа баса назар аударғанының нәтижесі деп қарастырылады.

Канадалық “Globe and Mail” күнделікті газетінің ақпараты бойынша орташа есеппегі канадалық дәл сондай американдыққа қарағанда бай болып шықты. Орташа есеппегі канадалық отбасы 363 мың АҚШ долларына тең таза активі болса, американдық отбасында 44 мыңға кем шықты. Сонымен қатар, Канадада әлеуметтік теңсіздік те аз байқалад: кедейлер саны мен байлар саны аз.

АҚШ-та жұмыссыздық деңгейі көп жылдан бері 8,2 % құраса, Канадада бұл көрсеткіш төмендеп 7,2% көрсетіп тұр.

Екі ел арасындағы бұндай өзгерістерді Bloomberg ақпараттық агенттігі зерттеп қарастырды.

Демократтар канадалықтардың әлеуметтік жеңілдіктер мен мемлекеттің қаржы бюджетін реттеуін толығымен қарастырған. Сонымен қатар, мемлекетте үлкен қаржы афераларының мейілінше аз болуы мемлекеттегі орын алған тәртіптің көрінісі.

Ғалымдардың тағы бір байқауы – 1990 жылдары мемлекеттік бюджетке жүргізілген реформа. Оның нәтижесінде мемлекеттік шығындар азайып, шығыс пен кіріс бюджеті дұрыс жолға қойылды, соның есебінде экономикалық өсу байқалды.

Саясаткерлер Канаданы демократияның мысалы ретінде қарастырады. Канадалықтар әлемдік аренада бірнеше онжылдықтар қатарында өздерінің келісім мен компросске келуін жақсы жақтарынан көрсетіп, сыйластыққа ие болып отыр.

Канаданың экономикасы мен саясаты еркін капитализм мен социализмнің ұштасуы, яғни «дәл ортасы», дамудың негізі екендігін дәлелдеп отыр. Мемлекет басшылары азаматтарына жекеменшікке байланысты қысым көрсетпеген және еңбектеріне тиісті жоғары еңбекақы төлеген, кәсіпкерлердің жеке бастамалары қолдау тауып, банк қарапайым адамдарға қысым жасамады. [5]

Әлем мемлекеттерінің демократиялық индексі – глобалды зерттеу және оны

толықтыратын әлем мемлекеттері арасында демократияның рейтингінің көрсеткіші. Бұл рейтинг The Economist Intelligence Unit британдық зерттеу орталығымен жасалады. Негізге әр түрлі мемлекеттер эксперттерінің бағасы мен сауалнама нәтижелері жатқызылады. Бұл зерттеу 2006 жылдан бері жасалынып келеді.

Демократия индексі мемлекет ішіндегі демократияның деңгейін қарастырып, бес топқа біріктірілген 60 негізгі көрсеткіш бойынша жасалады.

1. Сайлау процессі және плюрализм
2. Үкімет жұмысы
3. Саяси қарым-қатынасы
4. Саяси мәдениеті
5. Азаматтық еркіндік

Рейтинг нәтижесінде мемлекеттер төрт категорияға бөлінеді:

1. Толық демократия
2. Жеткіліксіз демократия
3. Гибридтық режим
4. Авторитарлы режим

Бұл рейтинг бойынша Канада алтыншы орынды алып отыр. Алғашқы орындарда Норвегия, Исландия, Швеция, Жаңа Зеландия мен Дания орналасқан. Рейтинг тізіміне сүйенсек Канада Австралия, Германия, Ұлыбритания, Франция, Ресей және т.б. мемлекеттерден демократиялық көрсеткіші бойынша алда тұр.

Аталмыш рейтинг бойынша Қазақстан 2016 жылы 136-орынды иемденді [6]. Бұл 167 қарастырылған мемлекет ішінде жасалған рейтинг бойынша демократияның өте әлсіз дамыған дәрежесіне тура келеді. Канада мемлекетінің демократиялық билеу жүйесімен салыстыратын болсақ, Қазақстанға әлі бір талай қыруар нәтижелі жұмыстарды орындау керек екендігіне көз жеткізуге болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Американың тарихы 250 жылға тең және ол әлі де даму үстінде. Әйел азаматшалардың сайлау құқығынан шектелгені, расалық дискриминацияның орын алғандығы барлығымызға мәлім. Бұл реформалар 150 жыл ішінде жасалып отырды, ал біз небәрі 25 жыл ішінде дамып жатырмыз. Демократия – жолдың басы емес, ол – нәтижесі. Біз біртіндеп реформалау, заңдарды қабылдау нәтижесінде осы жолда жұмыс жасап жатырмыз.» [7]. Қазірдің өзінде Қазақстан бірқатар халықаралық ұйымдарға мүше мемлекет. Мысалы: БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫО, ТМД, ИӘҰ және т.б. Бұл мемлекеттің халықаралық аренада өзін жариялау ғана емес, әр бір ұйымның атқарған жұмысы бойынша елде азаматтарға жасалған жағдай, құқықтарының қорғануы және сөз бостандығының кепілі болып табылады.

Канадалық жүйеден өзімізге алатын пайдалы жақтарды қарастыратын болсақ:

- Канада өзінің АҚШ-пен тығыз қарым-қатынастары мен кейбір жағдайларда тәуелділігіне қарамастан, мысалы 80% экспорттың АҚШ-қа тиесілі, Канада өзінің сыртқы және ішкі саясатына қатысты шешімдерін тәуелсіз, тек қана өзінің мемлекетінің және халқының мүддесін алға тартып, шешім қабылдайды.
- Канада азаматтар теңдігі мәселесін тек қана сөзде ғана емес, сонымен қатар іс жүзінде де дәлелдеп, халықаралық дәрежеде демократияның дамыған үлгісі ретінде қарастырылып жүр.
- Канада әлемде демократиялық бейбітшілікті орнату мақсатында әлемдік ірі қаржы донорларының бірі болып табылады. Ал қаржы доноры болу үшін, әсіресе ірілердің бірі болу үшін, өз мемлекетінің экономикасын жақсартып, нығайту керек. Оны белгілі бір қалыпты деңгейге жеткізу қажет. Осы жолда Қазақстанда қыруар жұмыс бар екендігі сөзсіз.
- Канада сыртқы саясатқа көңіл бөлгенмен, негізгі мақсаты ішкі тұрақтылық болып табылады. Яғни бұл мемлекет халықаралық дәрежеде үлкен жетістікке жетуден бұрын, халқының мүддесін алға тартады. Осы тұрғыда Қазақстан халықаралық іс-шаралар ұйымдастырудан бұрын, экономика, білім және денсаулық сақтау салаларын ары қарай дамыту керек.

- Канада әлеметік және экономикалық реформаларды жиі өткізеді, ерекшелігі бұл реформалар әуел бастан тиянақты түрде жоспарланы, қағаз бетінде қалып қоймайды, белгілі бір нәтижеге жеткізіледі.
- Канадада 1990 жылы мемлекеттік бюджетке жүргізілген реформа негізінде мемлекеттің шығындары азайған. Осындай реформалар біздің елде де жүргізілсе, Қазақстанның экономикасына тигізер үлесі аз емес болатын еді.
- Канада мемлекетінде халықтың өмір сүру дәрежесіне зиян келтірмеу мақсатында банктердің пайыздық мөлшерлемелері Қазақстанмен салыстырғанда өте төмен. Бұл кәсіпкерлер мен жеке азаматтарға да қатысты.

Қазіргі таңда адамдардың еркіндікке деген құштарлығының артуына қарамастан, олардың басым көпшілігі еркіндікті, әсіресе саяси еркіндікті, материалдық тұрақтылыққа, қауіпсіздікке және тәртіпке ауыстыратыны сөзсіз. Алайда мақалада қарастырылған Канада мемлекетінде Демократиялық билік жүйесі болғанымен де, аталған тұрақтылық, қауіпсіздік және тәртіп орнатылған.

Мақалада Канада мемлекетінің демократиялық даму жолын қарастырғандай ол ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап негізін қалаған. Яғни халық биліктің қайнар көзі ретінде есептеген мемлекет басшылары сол кезден бастап халықтың мүдделерін ескеріп отырған. Алайда демократияның шарықтау шегіне Канада ХХ ғасырдың екінші жартысында жетті.

Мемлекеттің өз ішіндегі проблемалары мен қиыншылықтары бар екендігі сөзсіз, бірақ әлемнің қай мемлекетін алсақ та, кез келгенінде олар болатыны айдай анық. Ал Канада мемлекеті қазіргі таңда халықаралық дәрежеде өзінің демократиялық мемлекет екендігін мойындатқан бірден-бір мемлекет болып табылады.

Қазіргі таңда адамдардың ыңғайлы өмір сүруі үшін қажет бірден-бір зат еркіндік болып табылады. Оған жету демократиялық билік жүйесіне негізделеді. Ал демократиялық билік жүйесінің үлгісі ретінде Канаданы қарастыру дұрыс шешімдердің бірі болып саналады. Канада мемлекетіндегі билік жүйесіндегі жағымды қасиеттерін біздің елімізге енгізу әбден мүмкін және оларды енгізсек, Қазақстанның тек қана экономикасы мен халқының өмір сүру дәрежесі ғана емес, басқа да салалардың одан әрі алға басуына өз үлесін тигізетіні анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Политология: Курс лекций/Под ред. В.А. Бобкова, И.Н. Браима. – Мн.: «Экоперспектива», 2000. - 352 стр.
2. Хомелева Р.А. Политология. – СПб.: Издательский дом «Нева», 2005. – 288 стр.
3. «Демократия»<https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%94%D0%B5%D0%BC%D0%BE%D0%BA%D1%80%D0%B0%D1%82%D0%B8%D1%8F>
4. Баранов Н.А. «Современная демократия: эволюционный подход», 2008, - 208 стр.
5. «Политика Канады – для людей» мақаласы <http://delonovosti.ru/politika/1011-politika-kanady-dlya-lyudey.html>
6. Economist Intelligence Unit: The Democracy Index 2016<http://gtmarket.ru/ratings/democracy-index/info>
7. «Казахстанская правда» <http://www.m.kazpravda.kz/news/view/78227/>